

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
КАЗАКСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫ, Ж.МУСИН АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
АКАДЕМИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК КАЗАХСТАНА
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ АҚМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ Ж.МУСИНА Г. КОКШЕТАУ

THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ACADEMY OF PEDAGOGICAL SCIENCE OF KAZAKHSTAN
EDUCATION DEPARTMENT OF AKMOLA OBLAST
PEDAGOGICAL COLLEGE NAMED AFTER ZH.MUSSIN OF KOKSHETAU



«ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН ЗАМАНАУИ МҮМКІНДІКТЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
16-17 қыркүйек
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ
I-бөлім

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«ПРОБЛЕМЫ И СОВРЕМЕННЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ»
16-17 сентября
СБОРНИК СТАТЕЙ
Часть I

MATERIALS
of the international scientific-practical conference on theme
«MODERN POSSIBILITIES AND PROBLEMS OF PREPARING PEDAGOGICAL SPECIALISTS»
The 16-17th of September
COLLECTION OF ARTICLES
Part I

МАЗМҰНЫ

ҚР Білім және ғылым министрлігінің конференцияны өткізу туралы бұйрығының көшірмесі.....	3
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Е.Н.Иманғалиевтің құттықтау сөзі.....	4
Ақмола облысының әкімінің орынбасары Н.Ж. Нұркеновтың құттықтау сөзі.....	5
Пленарлық мәжіліс	
Құсайынов Асқарбек Қабыкенұлы Білім сапасын көтеру – елдің бәсекеге қабілеттілігінің негізі.....	6
Иванова Светлана Вениаминовна Методологический и социально-педагогический аспекты формирования творческой личности в школе.....	11
Әбдіхалықова Әлима Жақыпқызы Функционалды білім мен кәсіби құзыреттілікті жетілдіруге бағытталған халықаралық әріптестік.....	14
Кертаева Галиябану Махметовна Деонтология в системе подготовки педагогических кадров.....	20
Сорина Галина Вениаминовна Формирование критического мышления в подготовке научно-педагогических кадров.....	25
Жаркынбеков Темірхан Ниязұлы Өмір бойы оқу: Қазақстанда жүзеге асуының жай күйі мен келешегі.....	27
Жанаева Шағангүл Алдамжарқызы Заманауи талаптарға сай сәбилік топтарға мамандар даярлаудың мәселелері.....	32
1-СЕКЦИЯ	
Базарбаева Маржан Бекмырзақызы Балабақша мен мектептің өзара байланысына балалардың бейімделуі.....	37
Байдильдинова Умут Талкановна На пороге школы.....	41
Бермағанбетова Гүлзира Сақтапбергенқызы Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш буын арасындағы сабақтастық.....	45
Бисембаева Салтанат Қуанышбайқызы Қазіргі кезде балабақшада оқыту мен тәрбие берудің жүйелі мәселелері.....	48
Боженова Алия Килимбековна Использование вокально-артикуляционных упражнений и компонентов на уроках музыки.....	51
Гапненко Ирина Владимировна Предшкольная подготовка детей в контексте преемственности дошкольного и начального общего образования.....	54
Ерғалиева Лаззат Жұмалиқызы Мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныпта оқытудың өзара сабақтастығы.....	58
Жалмуханова Жанылсын Утегеновна Мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш білім беру арасындағы сабақтастық.....	60
Жидебаева Ақжайық Сабырбекқызы Мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен бастауыш сынып арасындағы ынтымақтастық.....	63
Кабдуллинова Айгуль Курманалшевна Предшкольная подготовка как фактор преемственности дошкольного образования и начальной школы.....	66

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ – ЕЛДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗІ

Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов

Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, академик

Аннотация

На основе международных исследований изучены показатели общего среднего образования Казахстана и проанализированы результаты ЕНТ. Были выявлены факторы, влияющие на снижение качества образования и определены их значимость. Показаны цели и задачи Концепции и Комплексной программы повышения качества среднего образования Казахстана, а также практическая ценность их реализации.

Abstract

On the base of international investigation were learnt models of secondary education of Kazakhstan and analysed Total National Test results. Factors influenced on reducing education quality were revealed and defined their importance.

The aim and task of conception and Complex Programme of raising secondary education quality were given and their practical importance realization.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ең үздік деген халықаралық тәжірибе елдің бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейінің негізгі факторлары – жағымды макроэкономикалық саясат, инвестициялық хал-ахуал, тең бәсекелестік жағдай және ең бастысы – білім беру мен денсаулық сақтаудың жоғары сапасы болып табылады» – деп, білім беру сапасын көтерудің маңыздылығына баса назар аударды.

Халықаралық зерттеулер соңғы жылдары елімізде жалпы орта білім беру сапасы көтерілмей, керісінше, біраз көрсеткіштер бойынша төмендеп отырғанын көрсетеді:

– Қазақстан 2006–2014 жылдары Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша жалпы рейтингті 6 көрсеткішке жақсартты, бірақ «Денсаулық және бастауыш білім» көрсеткіші 10 сатыға, ал «Жоғарғы білім және кәсіптік даярлық» көрсеткіші 11 сатыға төмендеген;

– Халықаралық оқушылар біліктілігі мен бағаларының PISA бағдарламасының нәтижелері бойынша 15 жастағы қазақстандық оқушылар «оқырман сауаттылығы» бойынша 2009 жылы 59-орын алса, ал 2012 жылы 63-орын алды, «математикалық сауаттылық» бойынша – 53 және 49 орындарды, ал «жаратылыстану-ғылыми сауаттылық» бойынша 58-ші және 52-ші орындарды алды. Бұл нәтижелер ЭЫДҰ елдері бойынша орташа нәтижелерінен айтарлықтай төмен болып шықты;

– TIMSS зерттеулері нәтижелері бойынша 2007 жылы 4-сынып оқушылары математика бойынша 5-орын алды, ал жаратылыстану бойынша 11-орын алды, ал 2011 жылы 4-сынып оқушылары сәйкесінше 27-ші және 32-ші орын алды, яғни көрсеткіштер 22 және 21 сатыға нашарлаған. 2011 жылы 8-сынып оқушылары сәйкесінше 17-ші және 20-шы орындар алды, яғни 2007 жылы 4-сыныпта оқығанда 5-ші және 11-ші орындар алған балалар өз көрсеткіштерін сәйкесінше 12 және 9 сатыға төмендеткен.

Енді БҰТ сәтсеткіштерін талдайық. 2012 жылы мектепті 125576 оқушы бітірді. Түлектердің барлығының 1%-ға жуығы олимпиададағы жақсы көрсеткіштері немесе басқа да жетістіктері үшін ҰБТ-дан босатылды. ҰБТ-ға түлектердің 25%-ы қатысқан жоқ, түлектердің 75%-ы ҰБТ тапсырды, олардың ішінде 36,8%-ы шектік деңгейден өте алмады, бұл бүкіл мектеп түлектерінің 27,6%-ын құрады. Сонымен, бүкіл мектеп

түлектерінің 52%-ы ҰБТ тапсырмады және шектік деңгейден өте алмады. 2013 жылы бұл көрсеткіш – 51%-ды, ал 2014 жылы 47,3%-ды, 2015 жылы 45,7%-ды құрады. Бұл, мектеп түлектерінің жартысына жуығының білім деңгейі қанағаттанарлықтан төмен екенін көрсетеді.

Біз білім сапасы озық елдерді анықтап, оларды зерттеу мақсатын қойдық. PISA, TIMSS, PIRLS зерттеулері нәтижелері бойынша соңғы 10 жыл ішінде оқушылары тұрақты түрде жоғары көрсеткіш көрсететін жүздеген елдер: Шанхай (Қытай), Сингапур, Гонконг (Қытай), Финляндия, Оңтүстік Корея, Жапония, Тайвань, Канада және Жаңа Зеландия екені анықталды. Бұл елдер білім беру жүйелері табыстылығы мен тиімділігіне, бірінші кезекте, ұлттық басымдықтарды, дәстүрлі мәдениетті, құндылықтарды сақтау және мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі жоғары сапаға қол жеткізуге бағытталған білім беру саясатын жүзеге асыру негізінде қол жеткізген.

Американдық McKinsey&Company компаниясының қызметкерлері М.Барбер, М.Муршед және т.б.: «Мектепте оқығудың тұрақты жоғары сапасына қалай жетуге болады. Дүние жүзінің ең жақсы орта білім беру жүйелерін талдау сабақтары» тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Зерттеудің мақсаты: білім беру сапасын арттыратын жалпы басым бағыттарды анықтау, Зерттеу нысаны: әлемнің 25 елінің білім беру жүйесі болған.

Сонымен бірге осы ғалымдар: «Мектепте білім берудің ең үздік жүйелері қалай жетіле түсуде?» – деген тақырыпта да зерттеу жүргізген. Мақсаты: көрсеткіштері орташа жүйелер қысқа мерзім ішінде қалай ең үздік жүйелердің біріне айналады. Зерттеу нысаны: бастапқы ұстанымы алуан түрлі және айтарлықтай тұрақты табыстарға қол жеткізе алған 20 елдің білім беру жүйесі болған.

2013 жылы елімізде, 2014 жылы Мәскеуде жарық көрген «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы» атты монографиялық еңбегімде осы зерттеулер толық саралана отырып, орта білім сапасын көтерудің негізгі факторлары анықталған еді [1].

Жалпы алғанда, елімізде білім беру жүйесін жаңғырту, материалдық-техникалық базаны жақсарту және мұғалім кадрлар біліктілігін арттыру бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде.

Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан білім сапасының төмендеуі келесі факторларға байланысты екені анықталды:

I Кеңес мектебінен мұрагерлікке алған білім беру мазмұны тәуелсіздік жылдары айтарлықтай өзгерген жоқ.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы орта білім беру жүйесі:

- 1) оқығудың білімге шоғырланған парадигмасын қолданумен;
- 2) оқу пәндерінің тым көптігімен;
- 3) білім беру мазмұнының тұтастық пен жүйеліліктен айрылуымен;
- 4) оқу жүктемесінің көлемінің артықтығымен сипатталады.

Бастауыш мектепте игеруі жоспарланған қажетті күрделі пәндерді тым көп көлемде оқып-үйрену балалардың психофизиологиялық және ақыл-ой дамуына теріс әсер етеді және олардың саналы білім алуға деген құлшынысын шектейді.

II Қолданыстағы оқулықтар, электрондық оқулықтар мен ОӘК-ін (оқытушыға арналған әдістемелік нұсқау, хрестоматия, зертханалық және практикалық сабақтар, жұмыс дәптерлері, атластар және т.б.) талдау:

- 1) тұжырымдамалық бірлік негізіндегі оқу модульдері арасындағы байланыстың әлсіз екенін;
- 2) желілік оқулықтар мен негізгі пәндер бойынша жаңартпашыл (инновациялық) оқу әдістемелік кешен (ЖОӘК) әзірлеу бойынша бірыңғай тұжырымдама болмауын;
- 3) әр түрлі авторлар немесе авторлар ұжымдары әзірлейтін оқу материалдары біртұтастығының бұзылуын;

4) оларға жүктелген білім беру қызметтерін орындауға жеткіліксіз бағытталғандығын;

5) білім беру мазмұнының жоспарланған нәтижелер мен біліктілікті оқытудың жаңа парадигмасына сәйкессіздігін;

6) мұғалімді оқу үдерісі менеджері және ұйымдастырушысы ретінде санатқа алмауын;

7) оқушының оқытудың интерактивті әдістері негізінде жаңа ақпаратты өз бетімен игеруі жеткілікті ұйымдастырылмағанын көрсетеді.

III Кеңес Одағы кезінде педагог кадрлар мәртебесі жоғары болды және мектептерде жақсы дайындалған мұғалімдер жұмыс жасады, себебі:

1) мұғалім мамандығы беделді болды;

2) мұғалімдер жақсы еңбек ақы алды, әлеуметтік жеңілдіктері және ауылдық квотасы болды;

3) педагогикалық мамандықтарға мектептің терең білімді түлектері барды;

4) жас мұғалімдермен тәлімгерлер жұмыс жасалды;

5) мұғалімдердің кәсіби біліктілігі жалпы жоғары болды.

Бірақтар объективті және субъективті себептерге байланысты Қазақстандағы мұғалім кадрлардың кәсіби біліктілігі төмендей бастады, себебі:

1) мұғалімдердің еңбекақысы азайды;

2) мұғалім мамандығының мәртебесі төмендеді;

3) педагогикалық мамандықтарға мектептің ҰБТ нәтижелері бойынша орташа балл немесе орташадан төмен балл алған түлектері құжаттарын тапсыратын болды;

4) мектепте нашар білім алған талапкерлер, іргелі дайындығы әлсіз болғандықтан, жоғары оқу орнының бағдарламасын толық игеріп, жақсы білім ала алмады;

5) педагог кадрлар дайындау сапасы төмендей бастады;

6) білікті мұғалімдердің мектептерден басқа қызмет салаларына көптеп ауысуы орын алды;

7) мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі лайықты дәрежеде жұмыс жасамады.

Сонымен, педагогикалық мамандықтарға мектепте әлсіз білім алған талапкерлер барды, нәтижесінде мектепке дайындығы нашар мұғалімдер келді, олар балаларға жақсы білім бере алмады.

Қазіргі уақытта мектеп мұғалімдері мен басшыларының біліктілігін арттыруға көп көңіл бөлінеді. НЗМ «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖШС және «Өрлеу» біліктілікті арттырудың модульдік курстарын өткізеді. Әрбір модуль аяқталған соң мұғалімдердің еңбек ақысы өседі: III модульден кейін – 30%-ға, II модульден кейін – 70%-ға, I модульден кейін 100%-ға. Бірақ педагог кадрлар сапасы туралы мәселе шешілмей отыр.

IV Қазақстанда білім беру сапасы мониторингі жүйесін жасау бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізілді:

1) 2005 жылы «Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы» РМҚК құрылды;

2) республиканың барлық аймақтарында облыстық білім беру сапасын бағалау қызметтері құрылды;

3) халықаралық TIMSS және PISA зерттеулері жүзеге асырылды;

4) 2012 жылы «Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы» РМҚК атауы «Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы» (ҰБСБО) РМҚК болып өзгертілді;

5) 2004 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) түріндегі Білім беру сапасын бағалаудың тестілік әдістері енгізілді.

ҰБТ жабық тестілер негізінде өткізілетіні белгілі. Ұсынылған төрт жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдайтын оқудағы жетістіктер тестісі адам естіне сақтаған немесе дұрыс тапқан ақпаратты ғана анықтай алады, сондықтан мұндай тестілік

сұрақтар оқушылардың қандай да бір пәндер бойынша шынайы білімін анықтаудың жеткілікті объективті критерийі бола алмайды.

Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы және Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы қызметінің нәтижелерін талдау:

1) жекелеген пәндер және мектептер бойынша білім беру сапасын арттыруға әсер ететін шаралар анықталмағанын;

2) өткізілетін сабақтар сапасын арттыруға арналған қажетті шаралар түзілмегенін;

3) тестілеу әдістемесін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілмейтінін көрсетеді.

V Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында (27.01.1012ж.): «Оқыту үрдісінің тәрбиелік компонентін күшейту керек. Патриотизм, өнеге және адамгершілік нормалар, ұлтаралық келісім мен толеранттық, дене және рухани даму, заңға бағыну – жастарымыз үшін өмірлік қажеттілік» – деп атап көрсетті.

Білім беру саласындағы жүлдегер елдер ұлттық басымдықтарды, мәдениетті, құндылықтар мен бағыттарды дамыта алатын шығармашыл және рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі. Мысалға, білім беру саласындағы жүлдегер елдер болып табылатын Жапония, Оңтүстік Корея және Финляндия елдерінде бастауыш мектептерінің оқу жоспарларында рухани-адамгершілік құндылықтар мен дене қасиеттерін қалыптастыратын пәндерді оқып-үйренуге уақыттың 50%-ға жуығы бөлінеді.

Қазақстанда, тарихи тұрғыда, білім беру идеялары қашан да берік рухани-адамгершілік бағдарларға сүйеніп іске асырылған. Қазақтардың өзіндік рухани философиясы туған жеріне деген сүйіспеншілікке, даналыққа, төзімділікке толы болған. Бірақ, өкінішке қарай, объективті әрі субъективті себептер негізінде, біздің зәптеген құндылықтарымыз жоғалып, ұмыт болды және идеологияланды.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде білім беру жетістіктеріне қол жеткізуге, яғни емтихан тапсырып, жақсы баға алуға ерекше ден қойылады.

Орта білім беру жүйесінің негізгі міндеті рухани бай жеке тұлғаны тәрбиелеу болуы тиіс, олар:

1) ата-анасын сыйлайды, Отанын сүйеді, мәдениет пен тарихты біледі және дамытады;

2) ел бірлігін сақтайды, толерантты және халықтар достығын нығайтады;

3) еңбекті сүйеді, денсаулығын нығайтады және қоршаған ортаны қорғайды;

4) қазақ және шет ел тілдерін игерген;

5) бәсекеге қабілетті, зияткерлік тұрғыда дамыған және білімді.

VI Қазақстанда соңғы жылдары ғылымды қаржыландыру айтарлықтай өсіп келеді. Ол базалық, гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру негізінде жүргізіледі, білім беру саласында негізінен гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жүзеге асырылады. Егер 2011 жылы 28,8 млрд. теңге бөлінсе, ал 2012 жылы 49 млрд. теңге бөлінген, яғни өсу 70%-дан артық болды. 2015 жылы бюджеттік қаржыландырудың жыл сайынғы көлемін 2 млрд. АҚШ долларына дейін жеткізу жоспарланып отыр, оның 60%-ы зерттеу жұмыстарына бағытталады болады.

Өкінішке орай, білім беру саласындағы зерттеулерді жүргізуге қаражат қалдық принципі бойынша бөліп отыр:

1) 2007 жылы іргелі зерттеулер жүргізу үшін 2675 млн. теңге бөлінді, бұл сомандан тек 28 млн. теңге (1,05%) ғана білім беру саласындағы зерттеулерге бөлінді;

2) 2009 жылы іргелі зерттеулер жүргізу үшін 6163,5 млн. теңге бөлінді, бұл сомандан тек 44,1 млн. теңге (0,7%) ғана үздіксіз білім беру жүйесін зерттеуге, оның ішінде 12 млн. теңге 12 жылдық білім беру проблемасын зерттеуге бөлінді;

3) 2012 жылы бөлінген 6808 млн. теңгеден тек 120 млн. теңге ғана білім беру саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүргізуге бөлінді. Бұл тым аз сома.

VII Қазақстанда білім беру жүйесін басқарудағы сабақтастық қамтамасыз етілмейді. 1991 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін, яғни 23 жыл бойына, білім және

ғылым министрлігі лауазымында 13 адам жұмыс істеген. Орташа алғанда, бір министр 21 ай, яғни 1 жыл және 9 ай жұмыс істеген. Әрбір министр білім беру жүйесін реформалау бойынша өз ұсыныстарын енгізді. Бірақ білім беру саласы айтарлықтай консервативті сала болып табылатындығы және аз уақыт ішінде жаңа реформаларды жүргізу мүмкін еместігі туралы дерек ескерілмеді. Жаңа министрдің басгамалары үнемі бұрынғы министрдің идеяларының жалғасы бола бермеді, нәтижесінде көптеген басталған реформалар аяқталмай қалды, бұл білім беру сапасына теріс әсер етті.

Жалпы білім беру саласы аса күрделі жүйе болып табылады. Оны өздеріңіз де байқап отырған боларсыздар. Біз негізгі проблемаларға ғана тоқталдық, мұның астарында басқа да көптеген мәселелер бар, олар да шешілуі керек. Бұл біртұтас жүйе болғандықтан, осы жүйенің бір элементі дұрыс жұмыс жасамайтын болса, не ол дұрыс шешілмеген болса, жалпы жүйе жұмысында сапа болмайды. Сондықтан, білім сапасын көтереміз десек, осы жүйенің барлық элементтерінің тиімді, өзара үйлесімді жұмыс жасауын ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету керек. Сонда ғана білім сапасы көтерілетін болады.

2014 жылдың соңында Академия президимы мәжілісінде елдегі білім беру мәселесі жан-жақты талқыланып, Отандық және әлемдік үздік тәжірибелерді пайдалана отырып, өз күшімізбен, орта білім беру сапасын арттырудың Концепциясы мен Кешенді бағдарламасын жасау туралы шешім қабылданды.

Бұл жеңіл жұмыс болмады, 4 айға жуық еңбек еттік, кей күндері 12-14 сағат бойы еңбек еткен кездеріміз де болды. Бірақ еліміз дамыған 30 елдің қатарына қосылып, «Мәңгілік ел» болуы үшін жастарымыз бәсекеге қабілетті білім алу қажеттігі, осы мақсатқа жету жолында өзіндік үлес қосуды басты мақсат-мұрат ретінде ұстандық.

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын тек орта білім сапасын көтеру мақсатында ғана толықтыратын болады.

Бағдарламаның мақсаты – жалпы орта білім беру сапасын арттыру, жоғары білім әлеуетіне ие бәсекеге қабілетті және рухани бай жеке тұлғаны дайындауды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- жалпы орта білім берудің халықаралық талаптарға жауап беретін жаңа стандарттарын әзірлеу;
- оқу әдебиеті сапасын арттыру;
- педагог кадрлар мәртебесін және олардың кәсіби біліктілігі деңгейін көтеру;
- білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін дамыту;
- жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесінің және зияткерлік дамуының жолдарын анықтау;
- білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемін, тиімділігі мен нәтижелілігін ұлғайту;
- білім беру сапасын арттыру бойынша жүйелі шараларды жүзеге асыруды басқарудың тиімді жүйесін құру.

Бағдарламаны екі кезеңде іске асыру қарастырылған:

I кезең: 2015-2017 жылдар – дайындық кезеңі;

II кезең: 2017-2029 жылдар – өтпелі кезең [2].

Дүниежүзінің озық ғалымдары зерттеген білім жүйелерінің барлығының, жетілудің белгілі бір кезеңінде атқарған істерінде көп айырмашылық болмаған, бірақ олар бұл істерді қалай атқарғанында аса көп айырмашылық болған. Демек, білім сапасы атқарылар істердің ғылыми негізде дұрыс жүйеленіп атқарылуына тәуелді болады. Сондықтан, біздер, Отандық білім беру жүйесінің нақты жай-күйін және әлемдік озық тәжірибені ескере отырып, білім беру сапасын арттыруға бағытталған шаралар кластерін және оларды атқарудың тиімді жолдары анықтап, оларды іске асырудың нақты жоспарын ұсынып отырмыз.

Найдалапылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. Алматы, 1993 ж.
2. Жоба. Проект: Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беру сапасын көтерудің 2015-2019 жылдарға арналған тұжырымдамасы және кешендік бағдарламасы. Исследования и комплексная программа повышения качества общего среднего образования Республики Казахстан на 2015-2019 годы. Алматы, 2015 ж.

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ И СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ ТВОРЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ В ШКОЛЕ

Иванова Светлана Вениаминовна
доктор философских наук, профессор,
директор ФГНУ «Институт теории и истории педагогики» РАО, главный редактор журналов «Ценности и смыслы», «Отечественная и зарубежная педагогика»

Аннотация

Автором раскрывается проблема формирования творческой личности в методологическом и социально-педагогическом аспектах. Образовательный процесс (при использовании любых подходов и педагогических технологий) имеет известные возможности формирования креативных свойств личности, однако разные социальные и педагогические условия его осуществления расширяют или сужают эти возможности.

Ключевые слова: творчество, формирование творческой личности.

Проблема формирования творческой личности давно находится в зоне пристального внимания педагогической науки и системы образования. Предложения, как формировать творческую личность педагогическими средствами, имеются, однако ожидаемый успех носит точечный и почти случайный характер. Вероятно, следует рассматривать проблему в комплексе.

Творчество, как известно, относится к высшим ценностям: и как педагогическая цель, и как одна из высших потребностей и способностей, и как проявление индивидуальности, и как метафизический философский принцип, и как экстатическая вершина психического состояния человека.

Понимая двуединство ценности творчества (ценность общества и ценность личности), мы обращаемся в данном случае к ценности творчества для личности в аспекте ценности формирования творческой личности и в аспекте ценности творческой личности для общества. Этот сложный ракурс рассмотрения проблемы делает ее важной для социума в целом, выводит решение вопроса о выборе педагогических средств, дидактических подходов на уровень государственной образовательной политики.

Утверждение, что творчество – высшая цель педагогической работы и государственной политики, подтверждается словами В.П. Эфроимсона о творчестве: «...это существование гигантских резервных возможностей, гигантских потенциалов «нормального» человеческого мозга. Потенциалов, которые нуждаются в развитии,